

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитетінің
«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК



АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитетінің «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК «Сарайшық оқулары - 2023» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының жұмысына қатысуға шақырады.

Конференцияның мақсаты: республикалық санаттағы тарих және мәдениет ескерткіші – ортағасырлық Сарайшық қаласының даму тарихын, оның өзге өңірлермен байланысын зерттеу, жаңа деректермен толықтыру.

Конференцияның міндеті: Сарайшықты көпшілікке насихаттау, ескерткішті сақтау мәселелерін қарастыру, жас ұрпақтың санасында көне мұраларға деген құрмет сезімін қалыптастыру.

Негізгі бағыттары:

1. Тарихи-мәдени мұра ескерткіштерін қорғаудағы өзекті мәселелер
2. Ұлық Ұлыс тарихы және Қазақстандағы зерттеулер
3. Ұлық Ұлыс аумағындағы халықтардың этнографиясы
4. Қазақстандағы және көршілес елдердегі археология: нәтижелері және келешегі
5. Ұлық Ұлыс тарихының білім беру саласында оқытылуы
6. Қазақстандағы музей ісін дамыту, туристік саладағы орны.

Конференцияның жұмыс тілі: қазақ, орыс, ағылшын.

Конференцияны Zoom платформасында қашықтан әріптестерді қосу арқылы офлайн форматта өткізу жоспарлануда.

Конференция жұмысына қатысуға Ұлық Ұлысты және ортағасырлық қалалар тарихын зерттеуші ғалымдар, өлкетанушылар, музей қызметкерлері, білім беру саласының қызкерлері, докторанттар мен магистранттар, студенттер шақырылады.

Уақыты: 12 сәуір 2023 жыл

Өтетін орны: Атырау облысы, Махамбет ауданы, Сарайшық ауылы, «Сарайшық» сапар орталығы.

Ұйымдастыру алқасының мекен-жайы: индекс 060707, Қазақстан Республикасы, Атырау облысы, Махамбет ауданы, Сарайшық ауылы, Мырзағали Қазірет көшесі, 11 үй.

«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы,

Телефон/факс: 8 (71236) 255 06, +7 708 821 8780, +7 702 918 5450 (whatsapp) Жұмабаев Амангелді.

Эл.пошта: saraishykokulary@mail.ru.

Тіркеу формасы 2023 жылғы 15 наурызға дейін, баяндама материалдары (мақала) – 1 сәуірге дейін қабылданады. Конференцияға қатысушылардың шығыны жіберуші тараптан қаржыландырылады. Файлдың атауы автордың тегімен берілуі керек (Жумабаев АЖ_өтініш.doc; Жумабаев АЖ_мақала). Конференция материалдары электронды жинақ түрінде шығарылады және «Сарайшық» музей-қорығының сайтына (<http://saraishyq.kz>) орналастырылады.

БАЯНДАМАЛАР МЕН ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАРДЫҢ БЕЗЕНДІРІЛУНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Мәтін көлемі 10 беттен аспауы, MSWord мәтіндік редакторлауда болуы қажет; файл атауы мен суреттердің jpeg форматындағы жеке файлдары автордың тегімен берілуі керек. Келесі техникалық шарттар сақталуы тиіс:

1. Мәтіндік файлдар бетінің форматы: А4.
2. Жиектер: жоғары және төмен – 2 см, оң жағы – 1 см, сол жағы – 3 см.
3. Шрифт: Times New Roman, кегль 14.
4. Жол арасы – қалыпты.
5. Азат жол: 1,25.
6. Баяндама тақырыбы алдында оның атауы теріледі: жоғарыда, ортасында **ҮЛКЕН ӘРІПТЕРМЕН (ҚОЮ ШРИФТПЕН)**.
7. Баяндама тақырыбы астына ортада кіші әріптермен (**қою шрифтпен**) автордың (авторлардың) А.Ә.Т.
8. Төменде автордың елі, қаласы, жұмыс істейтін мекеме атауы жазылады.
9. Аңдатпа және кілт сөздер қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде беріледі.
10. Азат жолдан соң бір арақашықтықтан кейін баяндама/мақала мәтіні теріледі. Азат жол автоматты түрде беріледі.
11. Белгілерді үйлестіру: тырнақша – « »; ғасырларды белгілеу – рим цифрларымен, жылдар – араб цифрларымен. Сондай-ақ, дефиспен (-) сызықшаның (–) қолдану айырмасын білу жөн саналады. Сызықша сандық, хронологиялық және т.б аралықтарды белгілеуде қолданылады: с. 89–92, 179–185 бб.; 1878–1879 жж.; XV–XVI ғғ. (аралықсыз) немесе XV ғ. аяғы – XVI ғ. басы (аралығымен); 7–8 км; М.–Л. және т.б.
12. Әдебиеттер мен дереккөздер тізімі мақала соңында және жұмыстардың көрсетілген ретіне сай берілетін болады. Мәтіндегі сілтемелер шаршы (квадрат) жақшаларда Әдебиеттер тізіміндегі нөміріне сай, дереккөздің бетін көрсету (қажет болған жағдайда) арқылы безендіріледі, мәселен: [6, с. 2], [1, 2 б.] немесе [1, р. 2].
13. Кестелер, схемалар, суреттердің атауы болуы керек. Барлық суреттер мен фотографиялар қанық және 300 dpi-ден кем болмауы тиіс.

Талапқа сай безендірілмеген және белгіленген уақыттан кеш жіберілген, сонымен қоса, көрсетілген тақырыпқа сай келмейтін баяндамалар (мақалалар) қабылданбайды.

ҚАТЫСУШЫ ӨТІНІШІНІҢ ҮЛГІСІ

(msword мәтіндік редакторында)

Тегі, аты, әкесінің аты (толық)	
Баяндама тақырыбы	
Бағыты	
Мекеме атауы, қала	
Ғылыми дәрежесі	
Ғылыми атағы	
Қызметі	
Телефон	
E-mail	

ҰЙЫМДАСТЫРУ АЛҚАСЫ